

БӨЛІМ: ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Біреудің ақысын жеу туралы тәмсіл

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.04.2016ТІРЕК СӨЗДЕР
ғибратты әңгімелерСІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/517/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жағдайы жоқ бір бейшараның әйелі күнде қолдан май жасаса, оның күйеуі дайын болған майын жергілікті дүкеннің біріне жеткізіп саудалайды екен. Әйелі майды дөңгелек пішінді етіп, әрбірін бір келіден жасайды. Осылайша кедей отбасы бір күннен екінші күнге әсте-әсте жетіп, үйге қажетті заттарын алады екен.

Жағдайы жоқ бір бейшараның әйелі күнде қолдан май жасаса, оның күйеуі дайын болған майын жергілікті дүкеннің біріне жеткізіп саудалайды екен. Әйелі майды дөңгелек пішінді етіп, әрбірін бір келіден жасайды. Осылайша кедей отбасы бір күннен екінші күнге әсте-әсте жетіп, үйге қажетті заттарын алады екен.

Күндердің бір күнінде сатушы кедейден күдіктеніп, дөңгелек пішінді майды өлшеп, оның салмағы 1 келі емес 900 грамм екенін біледі. Содан келесі күні бейшара тауарын арқалап дүкеншіге келген кезде ол ашуға булығып: «Мен енді сенен ештеңе алмаймын. Сен маған 900 грамм майды 1 келі деп сатып жүрсің», – дейді. Мұны естіген бейшараның көңілі босап, дүкеншіге жалбарына бастайды: «Құдай үшін кешіре көріңіз. Олай істей көрмеңіз. Біз үйде таразы болмағандықтан, сізден алып жүрген 1 келі қантымызды сонымен өлшеп жүрміз», – дейді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.